**Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, жарты жылдың қорытындылары бойынша 10 ақпанға және 20 шілдеге қарай Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын 25 ақпанға қарай жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 қаулысымен бекітілген

## Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ Астана, 2006 жыл МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның паспорты
Кіріспе
1. Мүгедектіктің және мүгедектерді оңалтудың қазіргі жай-күйі
2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
3. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетігі
Параграф 1. Мүгедектіктің алдын алу жүйесін жетілдіру
Параграф 2. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы жетілдіру және азаматтардың тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін айқындаудың жаңа технологияларын әзірлеу
Параграф 3. Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту

және оларды әлеуметтік қолдауды күшейту
Параграф 4. Мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру және медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жөніндегі қызметтер аясын кеңейту
Параграф 4.1. Медициналық оңалту
Параграф 4.2. Әлеуметтік оңалту
Параграф 4.3. Кәсіптік оңалту
Параграф 5. Мүгедектердің жұмыспен қамтылуына және жұмысқа орналасуына белсенді жәрдемдесу нысандарын дамыту
Параграф 6. Оңалту мекемелері желісін дамыту, олардың қызмет нысандары мен әдістерін жетілдіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту
Параграф 7. Мүгедектердің техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, протездік-ортопедиялық көмекке қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін арттыру
Параграф 8. Мүгедектердің әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау
Параграф 9. Жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру
Параграф 10. Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорын құру
Параграф 11. Медициналық-әлеуметтік сараптама, оңалту, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оңалту индустриясы салаларын кадрмен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру
4. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
5. Күтілетін нәтижелер
6. Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Бағдарламаның паспортына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.09 N 550 Қаулысымен.

Бағдарламаның атауы — Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме — "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы;
Қазақстан Республикасы Президентінің

| | |
|---|---|
| | 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауы ;<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.2-тармағы |
| Бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| Бағдарламаның мақсаты | Оңалту жүйесін жетілдіру, мүгедектерді әлеуметтік қолдауды күшейту және олардың өмір сүру сапасын жақсарту |
| Бағдарламаның міндеттері | Мүгедектіктің алдын алу жүйесін дамыту: медициналық-әлеуметтік сараптаманы жетілдіру және азаматтардың тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін айқындаудың жаңа технологияларын әзірлеу;<br>мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту және оларды әлеуметтік қолдауды күшейту;<br>мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру және медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жөніндегі қызметтер аясын ұлғайту;<br>мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарын дамыту;<br>оңалту мекемелерінің жүйесін дамыту, олардың қызметінің нысандары мен әдістерін жетілдіру, материалдық-техникалық базасын нығайту;<br>мүгедектердің техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, протездік-ортопедиялық көмекке қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін арттыру; |

мүгедектердің әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;
жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру;
мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорын құру;
медициналық-әлеуметтік сараптама, оңалту, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру және оңалту индустриясы салаларын кадрмен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру.

| | |
|---|---|
| Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері | Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған басқа да қаражат бағытталатын болады. Мемлекеттік бюджеттен жалпы шығындар 27069,5 млн. теңгені, оның ішінде 2006 жылы - 7043,1 млн. теңгені, 2007 жылы - 7316,5 млн. теңгені, 2008 жылы - 12709,9 млн. теңгені; оның ішінде: республикалық бюджеттен - 5874,1 млн. теңгені, оның ішінде 2006 жылы - 2026,7 млн. теңгені, 2007 жылы - 1571,5 млн. теңгені, 2008 жылы - 2275,9 млн. теңгені, жергілікті бюджеттен - 21195,4 млн. теңгені, оның ішінде 2006 жылы - 5016,4 млн. теңгені, 2007 жылы - 5745 млн. теңгені, 2008 жылы - 10424 млн. теңгені құрайды. |
| Күтілетін нәтижелер | Бағдарламаны іске асырудан: 2008 жылдың аяғына қарай мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру және оларды әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін жыл сайын арттыру; мүгедектікке әкеп соқтыратын туа біткен және тұқым қуалайтын ауруы, даму кемістігі бар балалардың туу қатерінің дәрежесін |

азайту жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;
медициналық-әлеуметтік сараптаманың сапасын арттыру;
оңалту ұйымдарының жұмысына қазіргі заманғы техникалық, ұйымдық, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік технологияларды енгізу;
мүгедектерге көрсетілетін медициналық, әлеуметтік, білім беру және өзге де оңалту қызметтерінің тізбесін кеңейту және сапасын арттыру;
протездік-ортопедиялық өндірісті басқару құрылымын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдау;
мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына және ақпараттық ортаға қол жеткізуін жақсарту;
жалпы жұмыс орындары санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге арналған жұмыс орындарына квота белгілеу және әлеуметтік жұмыс орындарын құру есебінен мүгедектердің лайықты еңбекке қол жеткізуін ұлғайту;
оңалту мекемелерінің жүйесін дамыту, олардың қызметінің нысандары мен әдістерін жетілдіру, материалдық-техникалық базасын нығайту;
мемлекеттік органдардың мүгедектерді әлеуметтік қорғау процесін басқарудағы әдістемелік, іске асыру және бақылау функцияларын оңтайландыру;
мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорын құруды және медициналық-әлеуметтік сараптама мен мүгедектерді оңалту мекемелерінің, оңалту индустриясы кәсіпорындарының қызметін ақпараттандыруды аяқтау;
медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді медициналық, әлеуметтік оңалту

саласындағы мамандардың кәсіптік деңгейін арттыру күтіледі.

Іске асыру мерзімі 2006 - 2008 жылдар

Ескерту. Бағдарламаның паспортына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.01.25. N 56 қаулысымен.

## Кіріспе

Мүгедектік пен мүгедектерді әлеуметтік қорғау проблемасының көкейкестілігі оның ауқымына байланысты. БҰҰ сарапшыларының деректері бойынша мүгедектердің жалпы әлемдік саны 600,0 млн. адамды немесе халықтың 10% құрайды. Олардың ішінде 385 миллионы еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар болып табылады.

Соңғы 30-ыншы жылдардың ішінде әлемде мүгедектерге қатысты саясатты қалыптастырудың, әртүрлі елдер үкіметтерінің осы әлеуметтік топтың проблемаларын шешу тәсілдерін әзірлеуге қолдау көрсетуінің және мемлекеттік және қоғамдық институттарға мүгедектерге арналған саясатты айқындауда көмек көрсетудің тұрақты үрдістері мен тетіктері қалыптасты.

Мүгедектердің жағдайын жақсарту Қазақстанда да әлеуметтік саясаттың басымдықты бағыттарының бірі болып табылады.

Экономикалық өсу анағұрлым белсенді әлеуметтік саясат жүргізуге алғышарттар жасады. Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде медициналық-әлеуметтік сараптама қызметін қайта құру қамтамасыз етілді, стационарлық әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің желісі ұлғайды, мүгедектерге берілетін техникалық көмекші ( компенсаторлық) құралдардың көлемі көбейіп, сапасы арттырылды, мүгедектердің инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көзделді.

Практика көрсетіп отырғанындай, мүгедектерді оңалту проблемаларын тиімді шешу мемлекеттің белгілі бір уақыт кезеңіне қабылданатын бағдарламалар шеңберіндегі белсенді қолдауын талап етеді. Осыған байланысты, жақын арадағы болашақта мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау үшін осы жаңа Бағдарлама әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу үшін:

"Мүгедектерді әлеуметтік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына Жолдауы ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды

одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы негіздеме болып табылады.

Бағдарлама Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының шеңберінде әзірленді.

## 1. Мүгедектіктің және мүгедектерді оңалтудың қазіргі жай-күйі

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикадағы барлық санаттағы мүгедектердің саны 413,6 мың адамды немесе барлық халықтың шамамен 3%-ын құрайды.
Алғашқы мүгедектіктің төмендеу үрдісі байқалды. Алғашқы мүгедектіктің 10 000 адамға шаққандағы серпінді көрсеткіші 1-кестеде берілді.

1-кесте

| Көрсеткіштер | жылдар | | |
|---|---|---|---|
| | 2002 | 2003 | 2004 |
| Алғаш рет мүгедек деп танылғандар (барлығы) | 46727 | 44658 | 42825 |
| Оның ішінде: балалар арасында | 7734 | 7081 | 7017 |
| ересектер арасында | 38993 | 37577 | 35808 |
| Алғашқы мүгедектің серпінді көрсеткіші (мүгедектердің барлық санаттары үшін) | 31,2 | 29,9 | 28,4 |
| Оның ішінде: балалар арасында | 17,4 | 16,5 | 15,0 |
| ересектер арасында | 36,9 | 35,0 | 34,4 |

Алғашқы мүгедектіктің нозологиялық құрылымы тұрақты. Ересек халықтың арасындағы мүгедектік көбінесе қан айналымы жүйесінің ауруынан (22-23%), қатерлі ісіктерден (17-18%), жарақаттардан (11-12%) және психиканың бұзылуынан (8-9%) туындайды. Мүгедек-балалардың арасында шамамен әрбір бесіншісі туа біткен даму аномалиясынан немесе хромосомалық сырқаттан зардап шегеді, балалардың 20%-да мүгедектік себебі жүйке жүйесінің аурулары болып табылады, ал психиканың бұзылуы 17,3%-ды құрайды.

Ағза функцияларының бұзылуы және мүгедектердің тыныс-тіршілігінің шектелуі дәрежесі туралы топтардың ауырлығы бойынша мүгедектік құрылымы куәландырады. 2000-2004 жылдары мүгедектердің арасында екінші топтағы мүгедектердің үлесі басым - 60%, бірінші топ мүгедектері - 11%, үшінші топтағылар - 29% болды.

2004 жылы барлығы 151191 адам қайта куәландырылды, бұл ретте ішінара оңалту көрсеткіші 8,7%-ды құрады, мүгедектік тобының ауырлау көрсеткіші - 7,0%, толығымен оңалту көрсеткіші - 5,0% болды.

Мүгедектердің жас құрылымында еңбек етуге жарамды жастағы адамдар басым ( мүгедектердің жалпы санының шамамен 70%-ы).

Мүгедектік көрсеткіштері мынадай бірқатар факторларға:

елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен әлеуметтік саясат басымдықтарына;

ұлт денсаулығының жай-күйіне;

денсаулық сақтау жүйесінің дамуына, медициналық қызметтердің қол жетімді болуына және олардың сапасына;

оңалту қызметтерінің сапасына және олардың қол жетімділігіне;

еңбекті қорғаудың және еңбек қауіпсіздігінің жай-күйіне;

экологиялық ортаның жай-күйіне және өзге де себептерге байланысты болады.

Көлеңкелі факторлар:

биологиялық деңгейде созылмалы, туа біткен және генетикалық аурулардың жоғары деңгейі байқалды;

медициналық-ұйымдық деңгейде - аурулардың кеш анықталуы, аурулар мен мүгедектіктің алдын алуға жеткілікті мән берілмеуі, тегін медициналық көмекке қол жеткізудің, медициналық қызметтер сапасының төмендеуі, бірыңғай оңалту жүйесінде мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерін үйлестірудің болмауы;

әлеуметтік-орта деңгейінде - денсаулыққа қауіпті және зиянды еңбек жағдайларының орын алуы, өндірістік жарақаттанушылық, кедейліктің сақталуы, әлеуметтік жәрдемақылардың салыстырмалы төмен деңгейі, бірқатар өңірлердің экологиялық қолайсыздығы.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі бойынша мүгедектік санатын айқындап, әрбір мүгедек үшін медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту іс-шараларын қамтитын оңалтудың жеке бағдарламасын (бұдан әрі - ОЖБ) әзірлейді.

Жүргізілетін медициналық оңалту аурудың, жарақаттың, мертігудің салдарларын жоюға немесе жеңілдетуге бағытталған диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шаралары кешенін жүргізуді көздейді.

Медицинаның озық салаларын дамыту, күрделі жедел араласуды енгізу мен дәрі-дәрмек терапиясындағы жетістіктер елімізде мүгедектерді тиімді емдеу мен олардың тыныс-тіршілігін қалпына келтіруге қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Алайда, бұл мүмкіндіктер тиісінше пайдаланылған жоқ.

Мүгедектіктің алдын алу мен оңалту арасында өзара байланыс орнатылмады. Медициналық оңалту технологиясы, мүгедектерге медициналық қызмет көрсетудің

ғылыми негізделген стандарттары әзірленген жоқ.

Медициналық оңалтудың нәтижелерін жақсартуға оңалту мекемелері жүйесінің шектеулілігі кедергі болып отыр. Республикамызда қалыптасып отырған функционалдық негізде стационарлық төсек бөлу тәжірибесі стационарлық оңалту кезеңін іске асыру үшін жеткіліксіз (қазіргі кезде медициналық оңалту бөлімшелеріне арналған төсек қоры республикамызда жалпы қуаттың 3,0%-ын ғана құрайды).

Емдеу мен оңалтуды амбулаториялық-емханалық бөлімшелер мен санаторлық-курорттық мекемелерде жалғастырудың да төмен тиімділігі ерекшеленіп отыр.

Соңғы жылдары мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қаржыландыру көлемінің өсуіне қарамастан, ол оңалту қызметтерін көрсетудің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп мойындауға болмайды.

Медициналық оңалту сатысында аурудың ағза функцияларының толық қалпына келтірілмеуі және тіршілік әрекетінің айқын білінетін шектелулерінің сақталуы әлеуметтік оңалту шараларын қабылдауды талап етеді.

Мүгедектерді әлеуметтік оңалту мүгедектердің әлеуметтік мәртебесін, олардың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-ортаға бейімделуін қалпына келтіруге бағытталған. Ол мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыруды, оларға қажетті әлеуметтік қызметтер көрсетуді, оларды көмекші (компенсаторлық) техникалық құралдармен қамтамасыз етуді, мүгедектердің әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге, ақпараттық ортаны пайдалануға тең мүмкіндіктер туғызуды, материалдық және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуді және т.б. қамтиды.

2005 жылға дейін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мүгедектерге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін қамтыды. Қабылданып жүрген шараларға қарамастан, соңғы жылдары жәрдемақылардың мөлшері шамалы болды. Сондықтан 2005 жылы мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 6700 теңгеге дейін, немесе 50%-ға: бірінші топ мүгедектеріне - 3 айлық есептік көрсеткішке (2895 теңгеге); екінші топ мүгедектеріне - 2,5 АЕК-ке (2412,5 теңгеге); үшінші топ мүгедектеріне - 2 АЕК-ке ( 1930 теңгеге); 16 жасқа дейінгі мүгедектерге - 3 АЕК-ке (2895 теңгеге) арттырылды.

Бөгде адамның күтіміне және көмегіне мұқтаж мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі республикамызда интернат-үйлері мен үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері желісін қамтиды. Қазіргі кезде 79 интернат-үйлері жұмыс істейді, олардың 35-і қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат-үйлері, 26-ы - жүйке-неврологиялық ауруларға, 17-і - ақыл-есі кеміс мүгедектерге, 1-і - дене кемістігі бар балаларға арналған. Бұл мекемелерде 17 мыңнан астам адам толық мемлекет қарауында тұрып жатыр. Үйде әлеуметтік қызмет көрсетуді 339 бөлімше мен 7

аумақтық орталық жүзеге асырады. Олар 34 мыңнан астам мүгедектер мен жалғызілікті карттарға қамқорлық жасайды. Жеке интернат-үйлері пайда болды.

Мүгедек-балалары бар отбасыларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері құрылуда, олардың негізгі міндеттері бөгде адамның күтіміне мұқтаж мүгедек-балаларды анықтау, оларды әлеуметтік дағдыларға, өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларына үйрету, демалысын ұйымдастыру, ата-аналар мен отбасы мүшелерін мүгедек балалармен араласуға және оларды күтуге үйрету, медициналық және құқықтық консультациялық көмек көрсету болып табылады. 2003-2004 жылдары 10 мыңнан астам мүгедек-балаға қызмет көрсететін осындай 90 бөлімше құрылды.

Соңғы жылдары мүгедек балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерді қаржыландыру жақсарып келеді. Егер 2003 жылы мүгедек балаларға арналған интернат-үйлерінің қамқорлығындағы бір баланы ұстауға арналған шығындар 231 мың теңгені құраған болса, 2004 жылы бұл сома 286,7 мың теңгені құрады.

Интернат-үйлерінде тұратын балаларға күтім, тамақтандыру, әлеуметтік-тұрмыстық және медициналық қызмет, әлеуметтік бейімдеу, еңбекпен оңалту, оқыту сияқты қызметтер көрсетіледі.

Мүгедек балаларға әлеуметтік-тұрмыстық көмек көрсету проблемасын үлгілік медициналық-әлеуметтік мекемелер есебінен түбегейлі шешуге қол жеткізу күрделі болып отыр.

94 000 адам сурдоқұралдар мен сурдокөмекке, 18841 адам тифлоқұралдарға және 28 872 адам - протездік-ортопедиялық бұйымдарға мұқтаж болып отыр. Протездік-ортопедиялық бұйымдар өндірісін қаржыландыру көлемі соңғы үш жылда шамамен 4 есеге жуық көбейді (106,6 млн. теңгеден 436,2 млн. теңгеге дейін). Бұл 2004 жылы 16 840 мүгедекке протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге мүмкіндік берді, олардың бестен бір бөлігі модульдік протездер пайдаланыла отырып, қазіргі заманғы жаңа технологиямен протезделді.

Нашар еститін мүгедектерге берілетін сурдоқұралдардың тізбесі ұлғайтылды. 2004 жылы нашар еститін мүгедектер үшін 6,9 мың есту аппараттары (оның ішінде 1,5 мыңы - мүгедек-балаларға арналған), 320 телефакс, 1000 көпфункционалды дабылдатқыш жүйесі, 2,2 мың мәтінді хабарлайтын және хабар қабылдайтын ұялы телефон сатып алынды.

Нашар көретін мүгедектер тифлоқұралдармен қамтамасыз етіледі. 2002-2004 жылдары көзі нашар көретін мүгедектер үшін 11 мыңнан астам тифломагнитола, 28 оқитын машина, Брайль дисплейі бар 15 компьютер, 8 мыңнан астам арнаулы қол сағаттары сатып алынды.

Жүріп-тұруы шектеулі, көру немесе есту кемістігі бар адамдарға тиісті инфрақұрылымды ыңғайлау талап етіледі. Мүгедектердің тұрғын үйді, қоғамдық және өндірістік ғимараттарды, көлікті, мәдени-көріністік ұйымдар мен спорт кешендерін қоса алғанда, әлеуметтік инфрақұрылымға қоғамның әлеуметтік инфрақұрылымына

қиналмай қол жеткізуі олардың өмірінде елеулі өзгерістер туғызады.

Қазақстанда мүгедектердің ақпараттық ортаға қолы жете бермейді. Радио мен теледидардағы ақпараттық және көркем хабарлардың көпшілігіне нашар көретін және нашар еститін мүгедектердің қолы жетпейді, кітапханалар арнаулы қаріп пайдаланылатын әдебиеттермен қамтамасыз етілмеген.

Мүгедектерді қоғамға кіріктіру мақсатында, сондай-ақ кәсіптік оңалту шаралары да қажет. Мүгедектерге қатысты Бүкілдүниежүзілік іс-әрекеттер бағдарламасы кәсіптік машықтар алуды немесе бұзылғандарын қалпына келтіруді, кәсіптік бағдарлану мен жұмысқа орналастыруды кәсіптік оңалту шараларына жатқызады.

Арнаулы түзеу ұйымдарының саны (бірлік) және олардағы кемтар балалардың саны (адам) 2-кестеде берілді

2-кесте

| Арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының желісі мен контингенті | Жылдар | | |
|---|---|---|---|
| | 2002 | 2003 | 2004 |
| Мектепке дейінгі арнаулы мақсаттағы ұйымдар | 36 | 39 | 45 |
| Арнаулы топтары бар, жалпы мақсаттағы мектепке дейінгі ұйымдар | 236 | 201 | 119 |
| Мектепке дейінгі түзеу ұйымдарындағы және топтарындағы бала саны | 9876 | 9380 | 11229 |
| Арнаулы білім беру түзеу ұйымдары | 103 | 102 | 103 |
| Арнаулы білім беру түзеу ұйымдарындағы және жалпы білім беретін мектептердің арнаулы сыныптарындағы бала саны | 23604 | 24214 | 24737 |

Кемтар балаларды оқыту ғылыми-әдістемелік, ұйымдық және қаржылық жағынан толық қамтамасыз етілмеген, педагог-дефектолог, әлеуметтік психолог, педагог-психолог және медициналық қызметкерлері жеткіліксіз жалпы мектептерде жүзеге асырылады, бұл дамуында ауытқушылығы бар балалардың өз мұқтажына барабар білім ала алмауына әкеп соғады.

Мектеп ғимараттары мен үйлері түзеу-педагогикалық және оңалту шараларының қажетті көлемін жүргізуге бейімделмеген, жиһазы мен жабдықтары да ескірген. Балаларды тасымалдау, оқулықтармен және оқу жабдықтарымен, техникалық және көмекші құралдармен қамтамасыз ету мәселелері шешілмеген.

Кәсіп таңдау және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері де шектеулі. Бұл топтағы балалар мен жасөспірімдерді кәсіптік оқыту бұрынғыдай арнаулы мектептермен шектеліп отыр, ондағы білім беру деңгейі қазіргі заманғы өндіріс пен еңбек нарығынан артта қалған, балалардың өздерінің де мүдделері мен мүмкіндіктеріне сай емес. Кемістігі бар балаларды даярлайтын дәстүрлі кәсіптерге бүгінде сұраныс аз, ал жұмыс

берушілер талап ететін кәсіптерге әдетте қол жете бермейді. Нәтижесінде осы топтағы балалар мен жасөспірімдер оқытылуы мүмкін кәсіптер шеңбері тарыла береді және дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік шеттеуі туындайды, оларды жұмысқа қабылдауда қарсы айғақтамалар қалыптасады.

Соңғы үш жылда жұмысқа орналастырылған мүгедектердің жалпы саны бір жарым есе көбейді (5910-нан 9128 адамға дейін). Бұл ретте, екінші топтағы мүгедектердің арасында жұмысқа орналасу 0,7%-дан 3,7%-ға дейін, үшінші топтағыларда - 8,9%-дан 16,1%-ға дейін. Абсолюттік көрсеткіштердің біршама өсіп отырғанына қарамастан, жұмысқа орналастырылған мүгедектер еңбек етуге қабілетті мүгедектердің жалпы санының шамалы ғана бөлігін құрайды.

Қазақстандағы мүгедектердің жұмыспен қамтылуы, көптеген басқа елдердегі сияқты, әжептәуір кедергілерге кездеседі, оның ішінде ең бастысы мүгедектердің еңбек нарығындағы бәсекелестік қабілетінің төмендігі. Мүгедектерге арнайы жасалған еңбек және еңбекақы төлеу шарттары жұмыс берушілер үшін экономикалық жағынан тиімсіз.

Сондықтан, жұмысқа орналастырудың барынша көп тараған жолы мүгедектер қоғамдық бірлестіктерінің арнаулы мамандандырылған кәсіпорындары болып табылады.

Республикадағы Қазақ зағиптар қоғамының 33 оқу-өндірістік кәсіпорындары мен Қазақ саңыраулар қоғамының 18 кәсіпорнында жалпы саны төрт мыңға жуық мүгедек еңбек етуде. Бұл кәсіпорындар қызметінің негізгі түрлері тігін өнімдерін, тоқыма, картонаж, электротехникалық, пластмасса бұйымдарын өндіру, жиһаз жасау, баспахана қызметтері мен жөндеу-құрылыс жұмыстарымен айналысу болып табылады.

Қазіргі кезде мамандандырылған цехтар мен кәсіпорындарындағы өзекті проблемалардың бірі инвестициялық қаражаттың жетіспеушілігі болып отыр, бұл олардың жеке сектордағы бәсекелестерінен әжептәуір қалыс қалуына әкелуде.

Осылайша, Қазақстандағы мүгедектіктің және оңалту жөніндегі шаралардың жай-күйін талдау мүгедектерді әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудағы оң өзгерістермен қатар бірқатар шешілмеген проблемалардың да бар екенін дәлелдейді.

Шетелдік тәжірибе (Германия, Финляндия, Нидерланды) көрсетіп отырғанындай, жеткілікті регламенттелген күн тәртібімен тұру жағдайлары, ал ең бастысы - мүгедек баланы өзінің үйреншікті ортасынан оқшаулау оның психикалық және физикалық жай-күйіне қолайсыз әсер етеді, бейімсіздендіру реакциясының дамуына ықпал етеді.

Бұл орайда, Орталық Еуропа елдерінің тәжірибесі қызығарлық, олар балаларды интернат ұйымдарында ұстауды қысқарту, оларды отбасыларына қайтару, балаларды күтудің баламалы отбасылық нысандарын дамыту (патронат, асырап алушы отбасылар, басқа да нысандар), қамқорлықтағылардың бұрынғы тұратын жеріне жақындатылған отбасы үлгісіндегі шағын мекемелер, күндізгі және 5 күндік болу мекемелерін құру жөнінде жұмыс жүргізеді.

АҚШ-та халыққа жеке (ақылы) әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі анағұрлым дамыған.

Осыған байланысты, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері (ұйымдары) желісін кезең-кезеңмен қайта құруды жүргізу, балаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер мен арнаулы түзеу білім беру ұйымдарының базасында оңалту бөлімшелерін, күндізгі және 5 күндік болу бөлімшелерін ашу, қалалар мен аудан орталықтарында шағын интернат-үйлерін салу қажеттігі туындап отыр, бұл мүгедек балаларға үйдікіне жақын жағдай туғызуға ықпал ететін болады.

Мынадай Мемлекеттік стандарттар:

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру";

"Мүгедектер мен қарттарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелерінде, аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда әлеуметтік қызмет көрсету";

Үйде, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), аумақтық орталықтарда әлеуметтік қызмет көрсетудің үлгілік Ережесі қабылданды.

2002 жылы тұрғын үй салу, әлеуметтік инфрақұрылымды жабдықтау кезінде мүгедектердің қажеттіліктерін ескеретін Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер бекітілді.

## 2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты: оңалту жүйесін жетілдіру, мүгедектерді әлеуметтік қолдауды күшейту және олардың өмір сүру деңгейін жақсарту.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттердің шешілуін талап етеді:

мүгедектіктің алдын алу жүйесін дамыту;

азаматтардың тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін айқындаудың жаңа технологияларын әзірлеу жолымен медициналық-әлеуметтік сараптама жүйесін жетілдіру;

әлеуметтік қолдауды күшейту жолымен мүгедектердің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту;

мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жөніндегі қызметтер аясын кеңейту жолымен мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру;

мүгедектерді жұмыспен қамтуға белсенді жәрдемдесу нысандарын дамыту;

оңалту мекемелерінің желісін дамыту, олардың қызмет ету нысандары мен әдістерін жетілдіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту;

мүгедектердің техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, протездік-ортопедиялық көмекке қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін арттыру;

мүгедектердің (халықтың ұтқырлығы төмен топтарының) әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау;

жергілікті атқарушы органдардың рөлі мен жауапкершілігін арттыру;

мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорын құру;

медициналық-әлеуметтік сараптама, оңалту саласындағы кадрлармен қамтамасыз ету жүйесін, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыруды және оңалту индустриясын жетілдіру.

## 3. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетігі

Бағдарлама:

Ағза қызметінің, тіршілік әрекетінің шектелулері мен денсаулығының халықаралық жіктемесін Оныншы рет қайта қаралған аурулардың халықаралық статистикалық жіктемесіне бейімдеуді;

мүгедектіктің алдын алуды;

медициналық-әлеуметтік сараптаманы жетілдіруді;

мүгедектерді оңалтуды және мүгедектер үшін білім алу, физикалық және мәдени ортаның, тұрғын үй жағдайларының, жұмыстың, көлік пен демалыс жағдайларының қол жетерлік болуын негізгі бағыттар ретінде айқындайды.

Бұл бағыттарды іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Бірінші кезеңде (2006-2008 жылдар) оңалтудың қолданылып жүрген жағдайларын белсенді дамыту және мүгедектікті қазіргі заманғы тануға негізделген мүгедектерді оңалтудың жаңа үлгісін қалыптастыру көзделеді. Бұдан кейінгі кезеңдерде оңалту жүйесінің жаңа тетіктері басым дамуға ие болады және оңалтудың мүгедектердің қажеттіліктеріне жауап беретін әрі нарық шаруашылығы жағдайларына лайықты жаңа үлгісін жасау аяқталатын болады.

## Параграф 1. Мүгедектіктің алдын алу жүйесін жетілдіру

Мүгедектіктің алдын алу жүйесін жетілдіру мақсатында физикалық, ақыл-ой, психикалық және сенсорлық кемістіктердің туындауын болдырмауға (бірінші деңгейдегі алдын алу) және кемістіктің тұрақты функционалдық шектелуге немесе мүгедектікке ұласуының алдын алуға бағытталған (екінші деңгейдегі алдын алу) шаралар кешені көзделетін болады.

Олар:

1) әйелдер консультациялары мен босандыратын мекемелерде әйелдерге; жас балаларға скринингтік тестілеуді уақытында жүргізуді және оның сапасын арттыруды қамтитын болады, бұл патологияны оның бастапқы даму кезеңінде анықтауға

мүмкіндік береді;
2) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізуді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережесін сақтауды қамтамасыз етуді;
3) мүгедектігі бар адамдардың дерекқорын құруды қамтитын болады.

## Параграф 2. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы жетілдіру және азаматтардың тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін айқындаудың жаңа технологияларын әзірлеу

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүйесін жетілдіру халыққа көрсетілетін медициналық-әлеуметтік сараптамалық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталатын болады, атап айтқанда:
ағза қызметінің, тіршілік әрекетінің шектелулері мен денсаулығының халықаралық жіктемесін Оныншы рет қайта қаралған аурулардың халықаралық статистикалық жіктемесіне бейімдеу жөнінде жұмыс жүргізу, ол өзіне өзі қызмет етудің, жүріп-тұрудың, қарым-қатынас жасаудың, бағдарланудың, оқудың және еңбек қызметімен айналысудың төмендеуіне әкеп соғатын функционалдық бұзылушылықтар нәтижесінде туындаған әлеуметтік бейімсізденуді бағалауға мүмкіндік береді;
18 жасқа дейінгі балалардың ағза функцияларының бұзылуының біліну және тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесіне қарай мүгедектік ауырлығы топтарын саралау жөнінде жұмыс жүргізу;
Кәсіптік еңбек ету қабілетінің жоғалу дәрежесін белгілеу жөніндегі әдістемелік ұйғарымдарды әзірлеу;
куәландыру мен оңалту кезеңдерінің әрқайсысындағы кемістіктер жіктемесіне ( құжаттарды талдауға, сараптамалық-оңалту диагностикасына, сараптамалық қорытынды қабылдауға және оңалту нәтижелерін бағалауға) негізделген медициналық-әлеуметтік сараптаманың сапасы мен оңалтуды жүргізудің тиімділігін бағалауды жетілдіру;
медициналық-әлеуметтік сараптама қызметін алдын алу, емдеу, куәландыру және мүгедектерді оңалту сатыларында ведомстволық тиістілігіне қарамай медициналық ұйымдар қызметін үйлестіруді жетілдіру.

## Параграф 3. Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту және оларды әлеуметтік қолдауды күшейту

Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру:
мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін дамытумен;
мүгедектерге әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдірумен байланысты.
Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамытудың негізі әлеуметтік стандарттар

жүйесіне өзгерістер енгізу және ең төмен күнкөріс деңгейіне базалық әлеуметтік норматив ролін бекіту болды. Ең төмен күнкөріс деңгейі мүгедектігі бойынша базалық мемлекеттік жәрдемақылар есептеу үшін объективті негіз болады.

Мүгедектерді әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыруға әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесін құру, қаржыландырудың қосымша көздерін тарту және еңбек ету қабілетінен айрылу кезіндегі әлеуметтік қамсыздандыру үшін жауапкершілікті мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің арасында тікелей айырып бөлу негізінде қол жеткізілетін болады.

Туғаннан немесе бала кезінде мүгедек болғандардың табысын қолдау базалық мемлекеттік жәрдемақы болып түрлендірілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, олар арнаулы мемлекеттік жәрдемақы да алатын болады.

Ресми сектор қызметкерлері үшін әлеуметтік қатер туындаған кезде (еңбек ету қабілетінен айрылу) әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесі:

бірінші деңгей (базалық) - бұл мемлекет кепілдік берген, мүгедектігі бойынша берілетін базалық мемлекеттік жәрдемақылар;

екінші деңгей (міндетті) - міндетті әлеуметтік сақтандыру есебінен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жүзеге асырылатын әлеуметтік төлемдер және сақтандыру ұйымдарынан еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру есебінен төленетін сақтандыру төлемдері;

үшінші деңгей (қосымша) - әлеуметтік қатерлерді сақтандырудың ерікті және кәсіптік схемалары көзделген.

## Параграф 4. Мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру және медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жөніндегі қызметтер аясын ұлғайту

Мүгедектерді оңалту жүйесін дамыту оңалту қызметтеріне қол жетімділікті қамтамасыз етуге және олардың сапасын арттыруға, кемтар адамдардың мәселесімен айналысатын ұйымдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруге, медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалтудың тиімділігін арттыруға бағытталатын болады.

### Параграф 4.1. Медициналық оңалту

Пайда болған ауру және/немесе зақым салдарын жеңу ағза функцияларын, аурудың тыныс-тіршілігін қалпына келтіруге және әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге бағытталатын болады.

Ол үшін:

функционалдық-қалпына келтіру іс-шараларының сапалы жүргізілуін;

функционалдық бұзылушылықтар салдарларының орнын толтыруды;

әлеуметтік қайта бейімдеуді қамтамасыз ету;

емдеу-алдын алу мекемелерінде медициналық оңалтуды кезең-кезеңмен реформалау жөніндегі ұйымдық іс-шараларды жетілдіру:

клиникалық және облыстық ауруханалар құрамында стационарлық медициналық оңалту бөлімшелерін (көп бейінді және мамандандырылған көп бейінді) ұйымдастыру;

ауданаралық бір- және көпбейінді стационарлық медициналық оңалту бөлімшелерін ұйымдастыру;

амбулаторлық-емханалық медициналық оңалту бөлімшелерін (кабинеттерін) ұйымдастыру;

оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектердің санаторлық-курорттық емделуін ұйымдастыру талап етіледі.

Реконструктивті хирургия мен протездік-ортопедиялық көмек сапасын арттырудың ерекше маңызы бар. Мүгедектерге медициналық-әлеуметтік қызметтердің мұндай түрін көрсету медициналық ұйымдардың травмотологиялық, ортопедиялық бөлімдерінің протездік-ортопедиялық орталықтармен тығыз өзара бірлесіп әрекет етуін қажет етеді.

## Параграф 4.2. Әлеуметтік оңалту

Әлеуметтік оңалтудың нәтижелілігін арттыру мақсатында мынадай шаралар қолданылатын болады:

мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетудің стандарттарын енгізу. Бұл ретте, әлеуметтік қызметкерлер, үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері, медициналық-әлеуметтік мекемелер, аумақтық орталықтар мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызметтерді азаматтарға тегін көрсетеді, ал қосымша қызметтер - ішінара және толық төлеу шарттарында көрсетілетін болады;

мүгедектерге көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің тізбесін кеңейту (жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының қызметтерін көрсету);

әлеуметтік және әлеуметтік-консультативтік көмекті (ерекше мұқтаждықтар мен қажеттіліктерге қарай);

медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын адамдарға медициналық-әлеуметтік, білім беру және түзеу қызметтерін;

барлық жас топтарындағы мүгедектерге арналған күндізгі оңалту мекемелерінде білім беру және медициналық қызметтерді;

медициналық және басқа көмек алуды, шығындарды реттеуді, шаруашылықты ұстауды және тұрмыстық қызметтер көрсетуді, әлеуметтік қарым-қатынасқа жәрдемдесуді көздейтін үйде әлеуметтік көмек көрсетуді;

барлық жас топтарындағы мүгедектерге патронаждық қызмет қызметтерін көрсету.

Ол үшін жүріп-тұруы қиын бірінші топ мүгедектеріне көмекші және құлағы естімейтін мүгедектерге ымдау тілінің маманын беру республикамызда алғаш рет заңмен бекітілді.

### Параграф 4.3. Кәсіптік оңалту

Мүгедектерді кәсіптік оңалту үшін қазіргі уақытта жеткілікті де қолайлы мүмкіндіктер қалыптасып отыр.

Еңбек нарығындағы жағдай тұрақтанып, жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді.

Кәсіптік оңалтудың нәтижелілігін арттырудың мынадай шаралары:

кәсіптік оңалту мәселелерін шешуде ОЖБ-ға сәйкес жеке тәсілдің болуы;

мүгедек балаларды білім беру жүйесінде және үйде оқытудың сапасын арттыру;

мүгедек балаларды медициналық-әлеуметтік мекемелерде, үйде, білім беру жүйесінде оқыту жөніндегі әдіснамалық базаны әзірлеу;

мүгедек балаларды үйде жеке оқытуды жетілдіру;

мүгедек балаларды ерте жасынан әлеуметтік бейімдеуді және кәсіптік оңалтуды жүзеге асыру;

мүгедектердің биопсихоәлеуметтік мәртебесін, денсаулық жай-күйін және еңбек ету қабілетін зерттеу негізінде кәсіптік бағдарлау жөніндегі тестілерді әзірлеу жолымен, олардың кәсіптік мүдделерін, бейімділігі мен қалауын ескере отырып мүгедектерді, оның ішінде 14 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды кәсіптік бағдарлауды жетілдіру. Ұсынылатын кәсіптер бұзылған функцияларды қалпына келтіруге немесе орнын толтыруға мүмкіндігінше ықпал етуге тиіс;

мүгедектерге кәсіптік білім беру жүйесіне қол жетімділікті болуын кеңейту және оны жетілдіру көзделеді. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер үшін жоғары оқу орындарына түсу кезінде квоталар белгіленеді, оқып жүрген мүгедектердің стипендияларына арнайы қосымша ақылар көзделді.

## Параграф 5. Мүгедектердің жұмыспен қамтылуына және жұмысқа орналасуына белсенді жәрдемдесудің нысандарын дамыту

Мынадай шаралар қабылданатын болады:

мүгедектерді кәсіптік даярлау және қайта даярлау;

жұмыс орындарын квоталау;

жұмыс берушінің мүгедектерге еңбекақы төлеу шығындарын ішінара өтей отырып, мүгедектерді басымдықты немесе нысаналы түрде жұмысқа орналастыру;

әлеуметтік жұмыс орындарын құру.

Мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды белсенді өмір сүруге тарту мақсатында көркемөнерпаздар, суреттер, қолдан жасалған бұйымдар және басқа да шығармашылық түрлерінің облыстық, республикалық конкурстары, мүгедектердің шығармашылық жұмыстарының, мүгедектер ұйымдары шығаратын өнімдердің сату көрмелері, Қазақ зағиптар қоғамының және Қазақ саңыраулар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорындарының және мүгедектер жұмыс істейтін басқа да кәсіпорындар өнімдерінің көрме-жәрмеңкелері өткізілетін болады.

## Параграф 6. Оңалту мекемелері желісін дамыту, олардың қызмет нысандары мен әдістерін жетілдіру, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту

Мүгедектерге әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін құрылымдық және ұйымдық қайта құру мыналарды көздейді:

қолданыстағы интернат-үйлер кезең-кезеңімен ықшамдау, олардың қызметі мамандандырылған көмек көрсетуге бағытталатын болады;

сыйымдылығы шағын әлеуметтік үйлер желісі және отбасылық үлгідегі мекемелер дами бастайды, бұл медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын мүгедектердің оларда тұруын үй жағдайына жақындатуға және қоғамнан оқшау қалуын жеңуге мүмкіндік береді;

әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарын құру. Бұл орталықтардың құрылымы мүгедектердің әлеуметтік қызметтердің белгілі бір нысандары мен түрлеріне қажеттілігіне байланысты модульдік қағидат бойынша салынатын болады;

әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарын және әлеуметтік қызмет көрсететін мамандарды лицензиялау және аккредиттеу тәртібін әзірлеу.

## Параграф 7. Мүгедектердің техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға, протездік-ортопедиялық көмекке қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін арттыру

Мүгедектерді техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуді жақсарту мүгедектердің қажеттіліктерінің неғұрлым дәл есебінің, оңалту индустриясының отандық рыногын қалыптастыру және қызметтер көрсетуді мүгедектер тұратын жерге жақындату негізінде жүзеге асырылатын болады.

Протездік-ортопедиялық қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында:

Республикалық экспериментальдық протездеу орталығы базасында протездік-ортопедиялық бұйымдарды міндетті сертификаттау, мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында протездік-ортопедиялық бұйымдардың қауіпсіздігіне және сапа талаптарына сәйкестігіне сынақтар өткізу үшін сынақ зертханаларын құру;

протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру ісін басқару құрылымын оңтайландыру, мүгедектердің протездік-ортопедиялық көмекке шынайы қажеттіліктеріне қарай өңірлерде протездік-ортопедиялық бұйымдарды өндіру және жөндеу жөніндегі шеберханалар құру және оларды дамыту;

модульдік технология бойынша жасалатын протездік-ортопедиялық өндірісін техникалық қайта жарақтандыру және ұлғайту көзделеді.

Сурдологиялық көмек қызметін дамыту:

денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелерінің функцияларын саралауға және қызметтерін үйлестіруге негізделген сурдологиялық көмек жүйесінің

жаңа түрін құруды және дамытуды;

естуді түзету республикалық орталығын және оның филиалдарын оңалту аудиологиясы орталығы (бұдан әрі - орталық) етіп қайта құруды;

жоғары сапалы аудиологияны және есту аппараттарын тексеруді қамтамасыз ету үшін орталық пен оның филиалдарын техникалық қайта жарақтандыруды;

аудандық, қалалық, облыстық сурдологиялық кабинеттер желісін ұйымдастыруды;

сурдологиялық көмекке мұқтаж, нашар еститін балаларды есепке алуды және оларды серпінді бақылауды жетілдіруді қарастырады.

Нашар көретін мүгедектердің тифлоқұралдарға қажеттілігін қанағаттандыру жөнінде қосымша шаралар қабылданатын болады.

